

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

12 маусым 2023 жыл

### **KASE 2023 жылдың мамыр айына биржалық нарық жұмысының қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2023 жылдың мамырындағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылдың мамырында 28,3 трлн теңгені құрады және сәуірге қатысты 1,2%-ға немесе 336,3 млрд теңгеге өсті.
- Мамыр айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1,9%-ға төмендеп, 3 492,44 тармақты құрады.
- Мамыр айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 1,9%-ға 22,4 трлн теңгеге дейін төмендеді, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 2,3%-ға 13,1 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- 2023 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша KASE сауда тізімдерінде 223 эмитенттің 600 атауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар болды.
- 2023 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 680,9 мың дербес қосалқы шоттары болды. Мамыр айының қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 1,7 мыңнан астам жаңа дербес қосалқы шоттарын тіркеді.

### **НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

Мамыр айында KASE қатысуымен бірқатар іс-шаралар өткізілді:

- KASE-нің 30 жылдығына орай Астана қаласының Әкімдігімен және "Тұрақты даму" Жер қорымен бірлесіп, Қазақстан астанасының Президенттік Саябағында KASE аллеясын салудың салтанатты рәсімін өткізді.
- "Эмитент күні" жобасы аясында KASE-де "Қазақтелеком" АҚ басшылығының инвесторлармен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және БАҚ-пен "Қазақтелеком" АҚ-ның 2022 жылғы қызметінің қорытындысы" тақырыбында онлайн-кездесуі өтті.
- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық шеңберінде KASE КИМЭП Университетінің қаржы-экономикалық факультеті мен Алматы экономикалық колледжінің қаржы-экономикалық факультетінің студенттері үшін таныстыру семинарын өткізді. Іс-шаралар қор нарығының негіздері туралы, сондай-ақ KASE Mobile мобильді қосымшасын пайдалану және "Биржалық симулятор" жобасы туралы ақпарат беруге бағытталған.
- Бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Биржа фьючерстермен байланысты негізгі ұғымдар мен параметрлер және Биржадағы фьючерстер саудасына қолжетімділік туралы "KASE-дегі фьючерстер" онлайн-вебинарларын өткізді.
- KASE және Орталық Азия қор биржасы өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасасты, оның мақсаты екі республиканың капитал нарықтары мен қор биржаларын дамыту саласында тәжірибе алмасу болып табылады.

## АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2023 жылдың мамыр айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 22,4 трлн теңгені (50,0 млрд USD) құрады, бұл 436,8 млрд теңгеге немесе алдыңғы айдың ұқсас көрсеткішінен 1,9%-ға төмен. Төмендеудің негізгі үлесі индекстік компанияларға олардың акцияларының бағасын түзету арқылы келді.

Мамыр айының соңында KASE сауда тізімінде 87 эмитенттің 101 атауындағы акциялар болды, оның ішінде үш эмитенттің үш атауындағы акциялар "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді. Есепті айда эмитенттің бастамасы бойынша KASE ресми тізімінен "Өскемен құс фабрикасы" АҚ жай акциялары алып тасталды.

Мамыр айында акциялармен сауда-саттық көлемі 32,7 млрд теңгені құрады, бұл сәуірге қарағанда 22,3%-ға немесе 9,4 млрд теңгеге төмен. Мәмілелер саны 7,1%-ға 57 804-ке дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 1 633,7 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 2 890 теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 565,3 мың теңгені құрады. Мамыр айында биржалық сауда-саттық тек қайталама нарықта өтті.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен сауда-саттықтың жалпы айналымының 45,7%-ы тиесілі болды. Банктердің үлесіне 0,2 %, брокер-дилерлер – 10,4 %, басқа институционалдық инвесторлар – 11,5 %, басқа заңды тұлғалар – 32,2% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 22,0 %-ға бағаланады.

## KASE ИНДЕКСІ

KASE Индексінің мәні мамыр айында 1,9%-ға төмендеп, айдың соңына қарай 3 492,44 тармақты құрады. 2023 жылдың мамырында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 18,0 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәуіріндегі көрсеткіштен 55,5%-ға немесе 22,5 млрд теңгеге төмен.

Сауда-саттықтың ең көп көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның жай акцияларына – 11,3 млрд теңгеге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 62,8%) тиесілі болды.

Эмитент	Сауда коды	Баға, бір акция үшін теңге			Сауда көлемі, млн теңге		
		01.06.23	01.05.23	Δ, %	мамыр	сәуір	Δ
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	767,45	754,99	+1,7	829,7	499,3	330,4
"Kcell" АҚ	KCEL	1 898,00	1 872,11	+1,4	1 270,0	1 120,7	149,3
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	29 900,00	29 998,00	-0,3	1 230,1	305,8	924,4
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	681,20	685,00	-0,6	486,3	204,9	281,4
Kaspi.kz АҚ	KSPI	36 702,02	37 000,00	-0,8	367,0	219,8	147,2
"ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ	KMGZ	9 950,00	10 129,00	-1,8	11 316,4	36 091,1	-24 774,7
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 575,00	1 618,00	-2,7	258,2	124,2	134,0
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	148,47	156,00	-4,8	1 678,0	1 601,4	76,6
"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК " АҚ	KZAP	12 612,00	13 438,99	-6,2	578,6	359,5	219,2

*\*ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда*

Мамыр айының қорытындысы бойынша өсім көшбасшысы **"ҚазТрансОйл" АҚ-ның** 1,7% бағаға қосқан жай акциялары болды. 24 мамырда "ҚазТрансОйл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2022 жылға 15,0 млрд теңге немесе акцияға 39,0 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді мақұлдады. "ҚазТрансОйл" АҚ Бас директорының 26 мамырдағы бұйрығымен 01 шілдеден бастап экспортқа мұнай тасымалдауға арналған тариф тоннасына 8,8-ден 10,2 мың теңгеге дейін 15%-ға арттырылатын болады. 29 мамырда компания 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық деректерді жариялады, оған сәйкес өткен жылдың сәуірімен салыстырғанда шоғырландырылған кіріс 21,0%-ға 67,9 млрд теңгеге дейін өсті, таза пайда бұл ретте 13,7%-ға 8,8 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Өсу қарқыны бойынша екінші орында **"Kcell" АҚ-ның** жай акциялары бір акция үшін 1,4%-ға 1 898 теңгеге дейін өсті. **"Kcell" АҚ** акционерлері 18 мамырда 2022 қаржы жылындағы таза кірісті бөлмеу және жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдады. 15 мамырда "Kcell"

АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы есепті жариялады, оған сәйкес таза пайда өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 9,2 млрд теңгеден 12,8 млрд теңгеге дейін өсті. Алайда, сонымен бірге күрделі шығындар 79%-ға өсті.

Индекс қоржынының қалған акциялары мамыр айының қорытындысы бойынша бағаның төмендегенін көрсетті. Бұл компаниялар сонымен қатар 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық есептерді жариялауды аяқтады және акционерлердің жылдық жиналыстарын өткізді, онда 2022 жылғы дивидендтік төлемдер сомасы бекітілді.

25 мамырда **"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ** акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы бір жай акцияға 25,38 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді мақұлдады. Акционерлер тізілімін тіркеу күні - 31 мамыр, төлемдердің басталу күні - 06 маусым. Сондай-ақ, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шеңберінде банктің жарғысына бірқатар өзгерістер, оның ішінде жылына екі рет дивидендтер төлеу мүмкіндігі қабылданды. 16 мамырда "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанының нәтижелері бойынша есеп берді. Топтың таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51,2%-ға 124,5-тен 188,2 млрд теңгеге дейін өсті.

02 мамырда **"KEGOC" АҚ** акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2022 жылдың екінші жартыжылдығында дивидендтер төлеуге 13,15 млрд теңге жіберу туралы шешім қабылдады, бұл бір жай акцияға есептегенде 50,59 теңгені құрайды. Бірінші жартыжылдықта төленген дивидендтерді ескере отырып, 2022 жылы акционерлер бір акцияға 116,03 теңге алады. 12 мамырда "KEGOC" АҚ 2022 жылғы есепті жариялады, оған сәйкес таза пайда 52,6-дан 26,7 млрд теңгеге дейін 49,2%-ға төмендеді. Сондай-ақ, 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы есеп жарияланды, оған сәйкес таза пайда ұқсас кезеңмен салыстырғанда 58,8%-ға 8,5-тен 13,5 млрд теңгеге дейін өсті.

25 мамырда **"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ** акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2022 жылға 200,9 млрд теңге немесе акцияға 774,88 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуге келісті. 26 мамырда компания 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін жариялады, оған сәйкес топтың кірісі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6 есе өсті, бұл ретте таза пайда 75,8%-ға 109,2 млрд теңгеге дейін өсті.

**"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ** акционерлердің жылдық жалпы жиналысы мақұлдаған жағдайда акцияға 491,71 теңге дивиденд төлеуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, 26 мамырда "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанына есеп жариялады, оған сәйкес компанияның таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,4%-ға 287,6 млрд теңгеге дейін төмендеді.

25 мамыр акционерлердің жылдық жалпы жиналысы **Kaspi.kz** 2023 жылдың бірінші тоқсанында бір акцияға 750 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады. 29 мамырда Топ 2022 жылға және 2023 жылдың бірінші тоқсанына есептер ұсынды, оған сәйкес таза пайда өткен жылдың сәйкес кезеңдерімен салыстырғанда тиісінше 35,3%-ға 588,8 млрд теңгеге дейін және 39,6%-ға 174,2 млрд теңгеге дейін өсті.

Индекстік қоржынның үш өкілінің акционерлері "Kcell" АҚ акционерлерін қоса алғанда, 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеуге шешім қабылдады:

12 мамырда **"Банк ЦентрКредит" АҚ** 2022 жылға арналған шоғырландырылған аудиторлық есепті жариялады. Есептілікке сәйкес, Топтың 2022 жылғы таза пайдасы 7 есе 20,6-дан 145,1 млрд теңгеге дейін өсті. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2022 жылғы дивидендтерді бөлмеу және барлық пайданы Топтың дамуына бағыттау туралы шешім қабылдады. 15 мамырда банк 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы есепті жариялады, оған сәйкес таза пайда ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,2 есе 11,3-тен 25,0 млрд теңгеге дейін өсті. 05 мамырда "Банк ЦентрКредит" АҚ "Sinoasia B&R" сақтандыру компаниясы (Синоазия БиЭндАр)" АҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алуды жүзеге асырды. Сатып алу нәтижесінде "Банк ЦентрКредит" АҚ қатысу үлесі барлық дауыс беретін акциялардың 31,2%-дан 75,9%-ға және барлық орналастырылған акциялардың 81,6%-на дейін өсті.

**"Қазақтелеком" АҚ** басшылығы 16 мамырда 2022 жылы ұсынылатын дивиденд мөлшері бір акцияға 3 038,36 теңгені құрайтынын айтты, алайда 30 мамырда өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында төлем бойынша шешім қабылданбады, компания ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында дивидендтер туралы мәселеге оралуды жоспарлап отыр. 29 мамырда оператор 2023 жылдың бірінші тоқсанына есеп берді, оған сәйкес Топтың таза пайдасы 14,0%-ға 29,2-ден 33,3 млрд теңгеге дейін өсті.

## "KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2023 жылдың мамыр айының соңында Биржаның "KASE Global" секторындағы сауда тізімдерінде нақты уақыт режимінде 44 атау және 14 ETF шетелдік эмитент болды. Мамыр айында KASE акционерлік қоғамының "KASE Global" секторына екі ETF iShares Inc. және Franklin Templeton Investments, Inc. енгізілді.

2023 жылдың мамыр айында "KASE Global" секторында жалпы сомасы 1,2 млрд теңгеге мәмілелер жасалды, бұл сәуір айындағы ұқсас көрсеткіштен 0,7%-ға немесе 8,6 млн теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 61,5 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 217, бір мәміленің орташа көлемі – 282,9 мың теңгені құрады.

Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі мынадай акцияларға тиесілі болды:

- Bank of America Corporation – жалпы сомасы 145,5 млн теңгеге 415 мәміле;
- Advanced Micro Devices, Inc. - жалпы сомасы 118,8 млн теңгеге 266 мәміле;
- AT&T Inc. - жалпы сомасы 99,4 млн теңгеге 506 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне – 55,6%, брокерлік – дилерлік ұйымдардың үлесіне – 37,8%, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 6,7% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,1%-ға бағаланады.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2023 жылғы мамырда айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2,3%-ға немесе 308,1 млрд теңгеге 13,1 трлн теңгеге (29,3 млрд USD) дейін төмендеді.

2023 жылдың мамыр айының соңында KASE ресми тізімінде 89 эмитенттің 360 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Мамыр айында KASE ресми тізіміне "КМФ (ҚМФ)" микроқаржы ұйымы" ЖШС облигацияларының екі шығарылымы енгізілді.

KASE\_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні мамыр айында 6 б.п. өсті және айдың соңында жылдық 13,77%-ды құрады.

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі сәуір айына қарағанда 34,6%-ға немесе 76,2 млрд теңгеге 144,3 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 7,2 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 140 (қайталама нарықта – 134), бір мәміленің орташа көлемі – 51,5 млн теңгені (қайталама нарықта – 19,8 млн теңге) құрады.

2023 жылғы мамырда корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 90,9 млрд теңгені құрады, бұл сәуір айындағы көрсеткіштен 30,0%-ға немесе 39,0 млрд теңгеге төмен:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ жылдық 15,64-18,25% өтеуге орташа алынған кірістілігі бар және 0,8-2,9 жыл өтеуге дейінгі мерзімі бар облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 25,2 млрд теңге тартты;
- "Home Credit Bank" АҚ жылдық 18,00% өтеуге кірістілігі бар және 1,7 жыл өтеуге дейінгі мерзімі бар облигацияларды орналастыра отырып, 5,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ жылдық облигацияларды жылдық 15,25%-бен орналастыра отырып, 46,5 млрд теңге тартты;
- "Birinshi Lombard" ЖШС (Бірінші Ломбард) жылдық 24,0% өтеуге кірістілігі және 1,9 жыл өтеуге дейінгі мерзімі бар облигацияларды орналастыра отырып, 1,0 млрд теңге тартты;
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық облигацияларды жылдық 20,00%-бен орналастыра отырып, 245,0 млн теңге тартты;
- "Афинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС жылдық 10,75% өтеуге кірістілігі бар жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 99,9 АҚШ долларын (44,9 млн теңгенің баламасы) тартты;
- "Форпост" ЖШС жылдық облигацияларды жылдық 10,75%-бен орналастыра отырып, 4,0 млн АҚШ долларын (1 811,0 млн теңгеге баламасы) тартты;

- "КМФ (ҚМФ)" микроқаржы ұйымы" ЖШС өтеуге кірістілігі 20,00% болатын жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 10,0 млрд теңге тартты;
- "КА "ID Collect (АйДи Коллект)" ЖШС облигацияларды жеке орналастыру шеңберінде 5,0 млн АҚШ долларын (1 216,3 млн теңгенің баламасы) тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 53,7%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 3,4%, басқа институционалдық инвесторлардың – 35,6%, өзге заңды тұлғалардың – 4,3%, жеке тұлғалардың үлесі – 3,0%-ды құрады. Бейрезиденттердің үлесі 1,4%-ды құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі сәуір айына қатысты 41,1%-ға немесе 37,2 млрд теңгеге 53,3 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 21,4%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 1,4%, басқа институционалдық инвесторлардың – 15,9%, өзге заңды тұлғалардың – 53,4%, жеке тұлғалардың үлесі – 7,8%-ды құрады. Бейрезиденттердің үлесі 17,7%-ды құрады.

### МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

КASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы мамыр айында 1,1%-ға немесе 250,4 млрд теңгеге ұлғайып, 23,5 трлн теңгені (52,5 млрд USD) құрады.

КASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 1,1 трлн теңгені құрады және сәуір айына қатысты 29,9%-ға немесе 257,2 млрд теңгеге өсті. 2023 жылдың мамыр айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 55,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 19,6 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 24 млрд теңгені құрады (қайталама нарықта – 17), бір мәміленің орташа көлемі – 2,4 млрд теңге (қайталама нарықта – 1,2 млрд теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда көлемі 6,9%-ға немесе 46,7 млрд теңгеге 725,9 млрд теңгеге дейін өсті. Оның 8,4 млрд теңгесін Ақмола және Алматы облыстарының әкімдіктері жылдық 0,35-4,24%-бен (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі орташа алынған кірістілігі жылдық 11,5000–14,6169% (жылдық 11,50-14,75%) 717,5 млрд теңге тартып, өтелгенге дейінгі мерзімі 0,9 жылдан 15,6 жылға дейінгі 13 шығарылымды орналастырды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 52,6%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 1,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 42,0 %, басқа заңды тұлғалардың – 3,6 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1%-дан кем болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 2,2 есе немесе 210,5 млрд теңгеге 391,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 31,3% немесе 122,5 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 66,2% немесе 259,3 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,1%-дан кем немесе 0,1 млрд теңгені құрады. 2,5% (9,8 млрд теңге) құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ Қаржы министрлігінің, Оман Сұлтандығының облигациялары және Түркия Республикасының облигациялары) мәмілелерге келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне – 41,6%, брокерлік–дилерлік ұйымдардың үлесіне – 2,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 5,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 49,7 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,5% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 8,2%-ға бағаланады.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есепті кезеңнің соңында КASE сауда тізімінде төрт халықаралық қаржы ұйымының 52 облигация шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 25 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 14 шығарылымы және Халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 9,0 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша нәтижеден 60,5%-ға немесе 13,8 млрд теңгеге төмен. Мамыр айында облигациялармен сауда-саттық тек қайталама нарықта өтті.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде есепті кезеңде жеке тұлғалардың шоттарына 0,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 2,8 %, институционалдық инвесторлардың үлесі – 2,7 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 94,5% құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,1%-дан аз болды.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2023 жылдың 01 маусымында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында алты басқарушы компания мен алты ETF басқаратын 18 пай қорларының құралдары болды.

Есепті айда сауда-саттық көлемі 2,6 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың сәуір айына қарағанда 4 есеге немесе 1,9 млрд теңгеге өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 48,4% жеке тұлғаларға, 0,7% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 10,5% – өзге заңды тұлғаларға және 40,4% – басқа институционалдық инвесторларға тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 0,3%-ға бағаланады.

### ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2023 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

Сауда-саттық көлемі 2023 жылдың мамырында 348,6 млн теңгені құрады және 2023 жылдың сәуіріне қарағанда екі есеге немесе 177,7 млн теңгеге өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 53,9% жеке тұлғалардың шоттарына, 19,5% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 0,8% – басқа институционалдық инвесторларға және 25,8% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

### ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2023 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 680,9 мың дербес қосалқы шоттары болды. Мамыр айының қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 1,7 мыңнан астам жаңа дербес қосалқы шоттарын тіркеді.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың мамыр айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 31 мүшесі қатысты.

Мамыр айында шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі сәуірге қарағанда 29,7%-ға немесе 766,4 млрд теңгеге 1,8 трлн теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 90,8 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 488, бір мәміленің орташа көлемі – 186,2 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де сатылатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада алдыңғы айға көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	3 224,55 (-6,7 %)	79,2 % (+18,7 %)	7 391 (-262)	440,50 – 453,00	447,71 (-1,2 %)
RUB/KZT	23 073,01 (+16,8 %)	7,1 % (+2,9 %)	1 735 (+791)	5,4950 – 5,9054	5,5152 (-1,4 %)

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле лер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағам (өзг. %)
CNY/KZT	94,20 (+9,3 %)	0,3 % (+0,1 %)	110 (-45)	62,4900 – 64,6900	63,0625 (-3,6 %)
EUR/KZT	60,62 (-28,9 %)	1,6 % (-0,01 %)	218 (-38)	476,22 – 494,15	478,12 (-4,1 %)
EUR/USD	356,60 (-78,7 %)	9,5 % (-22,8 %)	272 (+65)	1,0663 – 1,1028	1,0675 (-3,0 %)
USD/CNY	89,63 (+41,1 %)	2,2 % (+1,1 %)	30 (+7)	6,9548 – 7,1235	7,1204 (+3,1 %)

## АҚША НАРЫҒЫ

Мамыр айында ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 25,1 трлн теңгені құрап, сәуір айындағы көрсеткішке қатысты 3,9%-ға немесе 942,8 млрд теңгеге өсті.

29 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 16,75% деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылдады, тиісінше өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 17,75 %, ал өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 15,75% құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы өлшенген USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын MM\_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 95 б.п.-ға жылдық 16,56%-дан 17,51%-ға дейін төмендеді.

## РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі мамыр айында 21,2 трлн теңгені құрады, бұл сәуір айының көлемінен 1,6 трлн теңгеге немесе 8,3%-ға артық. Орташа тәуліктік мәнде операциялар көлемі 1,1 трлн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 1 362, бір мәміленің орташа көлемі – 779,3 млн теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 17,0 трлн теңгені немесе репо мәмілелерінің көлемінің 79,98%, ҰБҚ-мен авторепо – 4,2 трлн теңгені немесе 20,0%, МБҚ тікелей репо – 0,02 млрд теңгені немесе 0,1%-дан аз, ҰБО тікелей репо – 3,8 млрд теңгені немесе 0,1%-дан аз, КС-мен авторепо – 0,1 млрд теңгені немесе 0,1%-дан аз құрады.

2023 жылдың мамыр айының қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 86 б.п.-ға жылдық 16,73%-дан 17,59%-ға дейін, TRION индикаторының мәні - 79 б.п.-ға жылдық 16,74%-дан 17,53%-ға дейін төмендеді, жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлемені білдіретін TWINA индикаторының мәні жылдық 16,46%-дан 16,66%-ға дейін өсті.

## ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Мамыр айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 3,9 трлн теңгені құрады, бұл сәуір айындағы көлемнен 680,3 млрд теңгеге немесе 14,7%-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 197,2 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 18, бір мәміленің орташа көлемі – 14,5 млрд теңгені құрады.

Аспаптық құрылымда валюталық своп нарығындағы жалпы көлемнің 35,3%-ы (1 393,9 млрд теңге немесе 3 123,9 млн USD) АҚШ долларымен бір күндік валюталық своппен операцияларға, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 63,2%-ы (2 493,0 млрд теңге немесе 5 586,7 млн USD) АҚШ долларымен екі күндік валюталық своппен операцияларға тура келді,

валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,2%-ы (8,9 млрд теңге немесе 20,0 млн USD) АҚШ долларымен апталық валюталық своппен операцияларға тура келді, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,6%-ы (22,5 млрд теңге немесе 50,0 млн USD) АҚШ долларымен бір айлық валюталық своппен операцияларға, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,6%-ы (22,1 млрд теңге немесе 50,0 млн USD) АҚШ долларымен үш айлық валюталық своппен операцияларға тура келді, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1%-ы (4,5 млрд теңге немесе 0,8 млрд RUB) Ресей рублімен екі күндік валюталық своппен операцияларға тура келді.

Мамыр айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі бір айда 249 BP-ге өсіп, жылдық 16,68% құрады, SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі бір айда 67 б.т.-ға жылдық 16,39%-ға дейін өсті.

## **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE индексіне және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2023 жылдың мамырында осы секторда мәмілелер жасалмады. 01 маусымда деривативтер нарығындағы сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары 1 млн фьючерсті құрады.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.*